



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының
депутаттарына
(тізім бойынша)

2022 жылғы 15 желтоқсандағы 16-13-49 Д/С

Құрметті депутаттар!

Депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Көлеңкелі импортқа қарсы күресті күшейтуге және контрабанданы шектеуге қатысты

Мемлекеттік кірістер органдары мен Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша ел аумағында **2 мыңнан астам субъект** бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды (бұдан әрі – зергерлік бұйымдар) өткізуді жүзеге асырады, оның **90 %-ы** шағын бизнес субъектілері болып табылады.

Зергерлік бұйымдардың өткізілуін бақылауды «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңға сәйкес Сауда және интеграция министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (бұдан әрі – ТРМК) жүзеге асырады.

Президенттің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы № 44 Жарлығына сәйкес **2024 жылғы 1 қаңтарға** дейін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне профилактикалық бақылау мен қадағалау тексерулерін жүргізуге мораторий қолданылатынын айта кету керек.

Бұл ретте Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес мемлекеттік бақылау органдарында адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне төнген тікелей қатердің алдын алу және (немесе) оны жою мақсатында нақты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындауға негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша **жоспардан тыс тексерулер жүргізу** мүмкіндігі бар.

Қаржы мониторингі агенттігі ішкі нарықты тауарлар мен контрафактілік өнімдерді **заңсыз әкелуден** қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі жедел іс-шаралар шеңберінде 2022 жылдың басынан бастап жалпы сомасы **573 млн. теңгеге** зергерлік бұйымдарды контрабандалық әкелудің жолын кесті.

Статистикалық деректер мен импорттаушы елдердің деректерін қарсы талдау нәтижесіне сәйкес 2022 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша Түркиядан және Швейцариядан әкелінген зергерлік бұйымдардың тауар

айналымының айырмашылығы шамамен **1,2 млн. АҚШ долларын** құрайды (2021 жылы 8,9 млн. АҚШ доллар).

Зергерлік бұйымдардың экспорты мен импорты бойынша деректердің біркелкілігі мақсатында Түркия, Швейцария, Ресей үкіметтерімен (ҚР импортының 90 % дейін) мемлекеттік шекарадағы уәкілетті бақылау органдары арасында өзара электрондық ақпарат алмасу мәселесі пысықталуда.

Бұл шара зергерлік бұйымдардың заңсыз айналымына бақылауды күшейтуге және осы елдерден контрабанда әкелу көлемін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қаржылық және қаржылық емес ынталандыру шараларын енгізу арқылы қазақстандық зергерлік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қатысты

Зергерлік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында бірқатар қаржылық және қаржылық емес ынталандыру шаралары көзделген.

Кәсіпкерлікті дамытудың 2021 – 2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы (бұдан әрі – *Ұлттық жоба*) іске асырылуда. Ұлттық жобада экономиканың басым секторларының тізбесіне зергерлік саланы қолдауды көздейтін ЭҚЖЖ 32 «Өзге де дайын бұйымдар өндірісі» кіреді.

Кәсіпкерлерді қаржылық қолдаудың неғұрлым талап етілетін құралдары моно, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендерде салалық шектеулерсіз берілетін екінші деңгейдегі банктер арқылы субсидиялау, кепілдік беру және жеңілдікті микрокредит беру болып табылады.

Мәселен, кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау құралы шеңберінде кәсіпкерге жылдық **6 %** мөлшерлеме бойынша кредиттер беріледі. Бір кәсіпкер үшін кредит сомасы **5 жыл** мерзіммен **3 млрд. теңгеге дейін** құрайды.

Кредит бойынша кепілмен қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда ішінара кепілдік беріледі.

Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін кепілдіктің ең жоғары мөлшері **85 %-ды**, жұмыс істейтіндер үшін **50 %-ды** құрайды.

Кепілдік сомасы – тиісінше **360 млн. теңгеден** және **1 млрд. теңгеден** аспайды.

Сыйақының жеңілдікті мөлшерлемесі бойынша микрокредиттер беру **5 %** мөлшерінде жүзеге асырылады.

Микрокредит беру сомасы инвестициялық мақсаттарға **20 млн. теңгеге** дейін, айналым қаражатын толықтыруға **5 млн. теңгеге** дейін құрайды.

Сондай-ақ «Қарапайым заттар экономикасы» (бұдан әрі – «ҚЗЭ») бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлерге **7 %** мөлшерлеме бойынша жеңілдікпен кредит беру көзделген, кредит сомасы шектелмеген, субсидиялау мерзімі – **5 жыл** және кредиттер бойынша ішінара кепілдік беріледі (кредит сомасы 1 млрд. теңгеге дейін 50 %).

«ҚЗЭ» бағдарламасы өңдеу өнеркәсібі мен агроөнеркәсіптік кешендегі өндірісті кеңейтуге, ішкі нарықты отандық өндірушілердің тауарлары және көрсетілетін қызметтерімен қанықтыруға бағытталған.

«ҚЗЭ» шеңберінде қаржылық қолдау экономиканың басым секторларының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

Осы тізбеде ЭҚЖЖ 32.12 «Зергерлік және ұқсас бұйымдар өндірісі» кіші сыныбы көзделген.

Өз кезегінде, Салық кодексіне 2023 жылы отандық зергерлерді алтын мен күмісті өткізуден түсетін ҚҚС-дан босату бөлігінде толықтырулар енгізілді.

Оң нәтиже болған жағдайда норманың қолданылу мерзімі ұзартылады.

Зергерлік бұйымдарды өндірушілерге бағалы металдарды сату тәртібін тікелей шарт негізінде немесе тауар-шикізат биржасы арқылы құнынан **15 %** алдын ала төлеммен және төлемді 180 күнге кейінге қалдыру шартымен енгізу мәселесі қосымша пысықталуда.

Ломбардтардың қолданылған зергерлік бұйымдарды ішкі нарықта гана өткізуіне қатысты

Кепілге салынған мүлікті өткізу (*сату*) іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіп бойынша жария саудаға салып сату арқылы жүргізіледі (*Азаматтық кодекстің 319-бабының 1-тармағы*).

Зергерлік бұйымдар толық өткізілмеген жағдайда ломбардтар оларды қолданылған қайталама шикізат ретінде «Тау-Кен Алтын» ЖШС аффинаж зауытына өткізуі қажет.

Бүгінгі таңда ломбардтардың зергерлік бұйымдарды, әсіресе қолданылған және сауда-саттықтан кейін өткізілмеген бұйымдарды экспорттауын болдырмау мақсатында Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңға өткізілмеген бағалы металдардың аффинажалған алтын құймаларын Ұлттық Банктің активтеріне есепке жатқызу бөлігінде түзетулерді пысықтауда.

Тауарларды таңбалау жолымен отандық өндірушілердің көлеңкелі айналымын заңдастыруға және ТРМК департаменттерінің сату нүктелерінде тұрақты тексеру іс-шараларын жүргізуіне қатысты

Заңнамаға сәйкес ТРМК зергерлік бұйымдарды өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге **таңбалау** рәсімдерінен өту қажеттілігі туралы хабарлама жібереді. Осы рәсімнен өту үшін 10 күн мерзім белгіленеді.

Бұл рәсімнен өтпеу кәсіпорынды бару арқылы бақылау жоспарына енгізу үшін негіз болып табылады.

Анықтама ретінде: зергерлік бұйымдарды өткізу саласындағы бақылау субъектілері ҚР аумағында зергерлік және басқа да бұйымдарды өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлер болып табылады. Мемлекеттік бақылау объектісі бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдар болып табылады.

Бағалы металдардан жасалған зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалық таңбасыз, сондай-ақ атаулы белгінің бедерінсіз өткізген жағдайда «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 190-1-бабына сәйкес жауапкершілік көзделетіндігін айта кету керек.

Нарық қатысушыларының басым көпшілігі шағын және микробизнес субъектілері болып табылатынын ескере отырып, қолданыстағы мораторийге байланысты жоспардан тыс тексеру және бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізілмейді.

Сонымен қатар, жосықсыз ішкі өндірушілердің көлеңкелі айналымының және контрабандалық тауар импортының тәуекелдерін нивелирлеу мақсатында ИИДМ «Қазақтелеком» АҚ Тауарларды таңбалау мен қадағалаудың бірыңғай операторымен

бірлесіп бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды таңбалау бойынша пилоттық жоба жүргізуде (2022 жылғы 1 наурыздан бастап 2023 жылғы 31 қазанға дейін).

Анықтама ретінде: пилоттық жобаға 8 компания мен жеке кәсіпкерлер қатысады («ҰлттықЭкс» АҚ Алматы қ. Талдау палатасының филиалы, Бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған зергерлік бұйымдарды сараптау орталығы («Қазахювелир» АҚ), «Standard» талдау бағалау палатасы» ЖШС, «Джей Ви Джи Ателие-Студио» ЖШС, «ЮП» Жемчужина» ЖШС, «ЛУИ ВЮИТТОН КАЗАХСТАН» ЖШС, ЖК Янишбаев, ЖК Доскелдиева.

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан шаралар отандық зергерлік бизнесті қорғауға, сондай-ақ зергерлік бұйымдарды қолдап жасау мүмкіндігін болдырмауға және контрафакт жолында табиғи тосқауыл жасауға бағытталған.

Отандық зергерлердің құзыреттілігін арттыруға қатысты (әлемдік стандарттарға сәйкес келетін заманауи технологияларды қолдана отырып зергерлік шеберлікке оқыту)

Зергерлерді даярлау Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында «6B02117 Зергерлік өнер» мамандығы негізінде «Бейнелеу өнері» бағыты аясында жүзеге асырылады.

Сонымен қатар облыстарда «Зергер-филигранщик» курстары бар білім беру орталықтары жұмыс істейді.

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 1 маусымдағы № 308 бұйрығымен бекітілген Өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсыну қағидаларына сәйкес қызметкердің құзыретін арттыруға бағытталған өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне жұмсалған шығындар сомасының 40% өтеу түрінде мемлекеттік ынталандыруды ұсыну көзделген.

Ә. Смайылов

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттарының тізімі:

Ғ. Дүйсембаев

С. Трұмов

С. Мәкежанов

Б. Байахметов

Н. Бекенов

С. Карплюк

Б. Орынбеков

Б. Шелпеков